

ОҚЫРМАН: САУАЛ-ЖАУАП



«Ақтөбе» газетінің редакциясына хат жолдап, хабарласатын оқырмандардың саны аз емес. Олар қоғамдық мәселелерден бөлек, отбасылық сұрақтарды да қамтиды. Күрмеуі қиын, түйіні шешілмеген түйткілдерді жұртшылық талқысына салып, білікті деген мамандардың оған қатысты жауаптарын алғысы келеді... Өйткені, «Газет — халықтың көзі, құлағы һәм тілі» екенін жақсы түсінеді.

Осы жолы бірнеше оқырманның сауалына әртүрлі сала өкілдері — психолог, теолог, т.б. жауап берді. Сұрақтарыңыз болса төмендегі телефон нөміріне хабарласыңыз: 8 (7132) 90-71-64, электрондық пошта: alau_01@mail.ru



«ҮЗІЛГЕН ЖАПЫРАҚТАР» ҮРЕЙІМІЗДІ ҰШЫРДЫ

Олжас ИГІЛІКОВ, Алға ауданының тұрғыны:
— Біз отбасымызбен сериал көргенді ұнатамыз. Бірақ әкеміздің телехикаяларға деген қызығушылығы алабөтен. Әсіресе, түріктің фильмдерін күн ұзағына, сүйсініп қарайды. Айтамын дегенім, «Хабар» телеарнасынан берілетін «Үзілген жапырақтар» телехикаясы бас аурымызға айналды. Әкем соны көрсе, актерлермен бірге жылайды, мұңайды. Басқа біреу айтса сенбес едім, бірақ сериалдағы Әлішба атаидың Ләйла деген қызы жындыханаға түскенде, олардан кем қанатпады десе болады. «Өзіміз жас кезіміз ұқсайды» деп мақтап отыратын Ләйла күйеуінен ажырасып, жан күйзелісіне ұшырағанда, әкеміз қан қысымының қатты көтерілмесі бар ма? Үйге «Жедел жәрдем» шақыруға мәжбүр болдық... Кейіннен ақ халаттылар дәрі де жазып берді. Содан бері «Үзілген жапырақтардың» әр бөлімі көрсетілген сайын үрейленіп, үйдәй үлкен кісі үшін қорқатынды шығардық. Бұның өншеірін сериал екенін, өмірде олардың жоқтығын айтсақ та, бәрібір әр оқиғаны жүрегімізге жақын қабылдайды. «Соны көрмей-ақ қойсаңыз» деген ұсынысымыздан да үзілді-кесілді бас тартты. Енді не істесек болады?

Қоғамдық өмірде белсенді қария, медицина саласының ардагері Злиха Қайырбаеваның бұған қатысты айтары мынадай:
— Демек, әжеңіздің бос уақыты көп деген сөз. Өйтпесе күні бойы сериал көру деген дұрыс емес. Алдымен оның немере бағып, үйде отырып қалмауын қадағалаңыз. Той-садаққа ғана емес, түрлі клубтарға қатысуына септігіңізді тигізіңіз. Концерттерге жиірек барсың. Ең болмағанда, таза ауада көбірек серуендесін. Сосын қазіргі таңда көпшілік зейнеткерлер смартфондардың «құлағында ойнайды». Сіз де әжеңізге сондай сыйлық жасап, әлеуметтік желілерге тіркеп, заманауи қондырғылардың қызығына батырыңыз. Содан кейін әлі де жаппай сериал көруін тоқтатпаса, маған келсін (күліп). Адамның ауруы, күйзеліске берілуі бос уақыттың көптігінен екенін естен шығармаған абзал. Сол себепті, оның қарттығын бақытты ету — өз қолыңызда дегім келеді.

«ШАЙСОҒАР» БОЛҒАНЫ ЖАМАН...

Дана БИСЕНОВА, Ақтөбе қаласының тұрғыны:

— Келін боп түскеніме 5 жылдай болды. Бірақ ана атанып, бала күтімімен үйде отырғанымға 1 жылдан енді асты. Осы аралықта қатты қажып кеттім. Мені сарсаңға салғаны — атамның шектен тыс шайқұмарлығы. Бұрын жұмысбастаны болып, байқамаған екенмін: атам күніне 4 рет шай ішеді. Әр шай ішуі бір сағатқа созылады. Ол аздай, қасында құйып беріп, өңімелесіп отырғанымды қалайды. Қабат шытқанымды, балама көңіл бөлуім керектіміді түсінбейді. Жолдасым айтсам, «шыда, бәрбір деректің демалыста отырсын ғой» дейді. Оған ештеңе айтпайды. Қайтпек керек? Басқа жағынан жақсы адам, тек осы бір әдеті жүйкеме тиеті әрі көп уақытымды алады.

«Алтын алқа» иегері, зейнеттегі Ақшолпан Берденованың пікірі:

— Белгілі енде айтылатындай, «Қарияға сәлем бер, көңіл қалар, қариялар қашанғы жүрер дейсің?!». Сондықтан оны сабырлы болуға шақырып, не нерсеге де үлкен түсіністіктен қарағаны дұрыс дер едім. Бізге туған күн ертең оған да келеді... Шайды бұрынғыдай самаурына қайнатпайды, су мен сүт үйге келіп тұр, қасында қарасын болып шай құйып бергенде тұрған не бар? Қайта ақсақалдың бастасын алғанына қуануы керек. Үлкен кісінің арамдыда болғаны, қасымызда қалқып отырғанының өзі бақыт. Соны бағалай біліңіздер, айналайындар. «Бұл сырғынды күйеуіңнен басқа ешкіме айтпа, ұят болады» деп айтар едім қызыма.

ТЕҢІМДІ ҚАЙДАН ТАБАМЫН?

Күләш БЕКБОЛАТОВА, Ақтөбе қаласының тұрғыны:

— Жасым — 36-да. Турақты жұмысым, үйім бар. Құдайға шүкір, денім сау, бәрі жақсы. Басты мәселем — жалғыздығым. Бір көрген жан екінші рет бұрылып қарайтындай келісті келбетім болса да, әлі күнге тұрмысқа шыққаным жоқ. Жақсы жігітті жолықтыра алмай-ақ қойдым... Қатарластарым әлдеқашан үйленіп кеткен, менен кіші азаматтар анау айтқандай көңіл бөлмейді. Өңімеңің ашығын айту керек қой... Дос-жарандарым «сенің мінезің ауыр, тым талапшылсың» дейді. Енді өмірлік жар болар адамды таңдау мәселесіне жүрдім-бар-



дым қарап, көрінгенге күйеуге тимейтін шығармын?! Жоғары білімді, үй-күйім бар қыздың ғой. «Кәрі қыз» деген атақтан қалай құтыламын? Қайткенде сол бір жанды жолықтыруға болады?

Оқырманның сауалына отбасылық психолог Роза Сәтбаева төмендегідей жауап берді:

— Сіздің хатыңызды оқып, мазалаған мәселеніңізбен танысқан соң, жора-жолдастарыңыздың пікіріне келісуге тура келіп тұр. Тағамыңыз тым жоғары сияқты. Бұл — келгенге сұрбойдақтар мен келіншек болуға асықпайтын қыздардың басты проблемасы. Әрі сіздің жасыңызды ескеріп, бұның бәріне соншалықты мән бермеуге кеңес беретін едім. Адамгершілік бар, мінезі жақсы жігіт сөз салса, әлеуметтік жағдайына, оның тұр-тұлғасына қатты мән бермегеніңіз абзал. Өйткені жалғыздық Құдайға ғана жарасқанын, қыз ғұмырдың өлшеуілі екенін ұмытпаңыз. Сіз танысу агенттіктеріне, болмаса галломтордағы арнаулы сайттарға тіркелсеңіз, артықтық етпейді. Ол жерлерде сіз сияқты жабығып жүргендер көп. Немесе айналаңыздағы адамдарға назар аударсаңыз екен. Олардың арасында болшақ күйеуіңіздің болуы бек мүмкін. Ең бастысы, тақпарлық мінезіңізді тыйып, барша адамзатты өзіңіздей көрсеніз, теңізді көп ұзамай табасыз.

СЫРЫМДЫ АЙТСАМ ДЕП ЕДІМ...

Гүлсім ЕСЕТОВА, Темір ауданының тұрғыны:
— Бұл сырымды өзгелерге айтуға ыңғайсызданамын. Ал қазақ халқында психологтарға бару онша қалыптаспаған. Сондықтан сұрағымна баспасөз беті арқылы жауап алсам деймін. 19 жастағы сиңілімнің соңғы уақытта өлім туралы көп айтып жүр. Суицид жайлы фильмдерді көруге де әуес. Соның өсерінен бе, ылғи көңілісіз жүреді. Жамандық шақырмаймын, бірақ бұл аурудың бір түрі ғой. Бұны қалай тоқтатуға, ойын өзгертуге болады? Ақыл-кеңестеріңізді берсеңіз екен...



де-кім у ішіп өлсе, жәһаннам отында мәңгілік у ішумен қалады. Кім өзін таудан тастап өлтірсе, жәһаннамда да мәңгі отқа лақтырылады» — дейді.

Бұл хадисте өз-өзін өлтірудің ақыры ауыр азаппен аяқталатыны ескертілген. Соны сiңiлiңiзге мықтап түсiндiрiңiз. Жалпы, суицидке баратын адам өз-өзіне қол жұмсайтындығы жөнiнде ашық айтпайды. Олар негiзiнен өзiнiң проблемасымен бөлiседi. Барлық адамда қиындықтар болады, бiрақ рухани жағынан әлсiздер бұны суицидпен шешiмiн деп ойлайды. Өзiм мешiтте имам болғанда, осындай белгiлерi бар кейбiр адамдармен кездестiм. Оларға бiрiншi кезекте «тағдыр», «тәубе», «сабыр» туралы әңгiме қозғап, әрдiайым бiрге бола алмайтындымыз жеткiзiп, туыстарының арасынан ең жанашыр адамына тапсырдым. Ондай кiсiлер мiндеттi түрде табылады. Ең бастысы, ешкiм өзiн жалғыз, керексiз сезiнбеуi қажет. Соны қаперiңiзге алсаңыз, бауырыңызбен ашық әңгiмелесеңiз, бәрi жақсы болады.

Дайындаған Айбек СЕРІКҰЛЫ.

Ақтөбе қаласындағы «Аңсар» ақпараттық талдау орталығының теолог маманы Нұрлыбек Такеөвтің жауабы:

— Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Кімде-кім өз-өзін қандай да бір темірмен өлтірсе, жәһаннамда қолына темір алып, мәңгі-бақи өз-өзін түйреумен болады. Ал кім-

ГАЗЕТТІ БІЗДІҢ САЙТЫМЫЗДА ОҚЫҢЫЗ!

www.aqtobegazeti.kz

«Sazprom» ЖШС

«Ақтөбе облысының Өйтеке би ауданындағы «Союз» кен орнындағы Ярослав телімінде каолин өндіруде тау-кен жұмыстары жоспарына толықтыру» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» (ҚОҚБ) жобасы бойынша сауал нысанындағы қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.

Жергілікті атқарушы орган: «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, жауапты тұлға: Кубенов А.И., тел: 55-26-28, эл.пошта: expert_oos@mail.ru.

Жоба бойынша құжаттама <http://tabigat.aktobe.gov.kz> сайтында орналасқан.

Жоба материалдарымен қағаз түрінде танысуға болатын орынның мекенжайы: Ақтөбе қаласы, Бөкенбай батыр көшесі, 155/7, 40-кабинет.

МЭС жүргізу жөніндегі мемлекеттік орган: «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

Тапсырыс беруші: «Sazprom» ЖШС, тел.: 87055388076

Құжаттаманы әзірлеуші: «ЗапКазРесурс» ЖШС, тел.: 87786441739

Ескертулер мен ұсыныстар 5.05.2020 ж. – 3.06.2020 ж. аралығында zapkazresurs@mail.ru эл. поштасы арқылы қабылданады.

«ТАГАМ РЕГИОН» ЖШС

«Ақтөбе облысының Мұғалжар ауданындағы Ембі теліміндегі құмды-қырышқатас кен орнын өндіруде тау-кен жұмыстары жоспарына толықтыру» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» (ҚОҚБ) жобасы бойынша сауал нысанындағы қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.

Жергілікті атқарушы орган: «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, жауапты тұлға: Кубенов А.И., тел: 55-26-28, эл.пошта: expert_oos@mail.ru.

Жоба бойынша құжаттама <http://tabigat.aktobe.gov.kz> сайтында орналасқан.

Жоба материалдарымен қағаз түрінде танысуға болатын орынның мекенжайы: Ақтөбе қаласы, Бөкенбай батыр көшесі, 155/7, 40-кабинет.

МЭС жүргізу жөніндегі мемлекеттік орган: «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

Тапсырыс беруші: «Тагам Регион» ЖШС, тел.: 87055388076

Құжаттаманы әзірлеуші: «ЗапКазРесурс» ЖШС, тел.: 87786441739

Ескертулер мен ұсыныстар 5.05.2020 ж. – 3.06.2020 ж. аралығында zapkazresurs@mail.ru эл. поштасы арқылы қабылданады.

«Альшайн» ЖШС

Қоршаған ортаны қорғау туралы «Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы Астана ауданында Солтүстік-Батыс индустриалды аймағында, 245 учаскесінде орналасқан жанар-жағармай материалдарының қоймасын кеңейту» жұмыс жобасы бойынша сауалнама түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Жергілікті атқарушы орган: «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыру бөлімі.

Мемлекеттік мекеннің жауапты тұлғасы: А.И.Кубенов, expert_oos@mail.ru, тел.: 8(7132)55-26-28.

Мемлекеттік экологиялық сараптау өткізетін мемлекеттік орган: «Экспертиза СП» ЖШС, мекенжайы Ақтөбе қаласы, Маресьев көшесі, 103.

Тапсырыс беруші: «Альшайн» ЖШС, Ақтөбе қаласы, Н. Шайкенова көшесі, 12, 124-пәтер.

Құжаттама жасаушы: «Khan-Sultan» ЖШС, мекенжайы Ақтөбе қаласы, Бағбандық ұжым Мичуринец 20/1., 8(7132)-741-759

Жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекенжайы: tabigat.aktobe.gov.kz

Ескертулер мен ұсыныстар 6.05.2020 жыл мен 4.06.2020 жыл аралығында zhakenova608@mail.ru мекенжайы бойынша жіберілісін.

Индекс	Жазылушылар санаты	Бағалар	
		қала	ауыл
65420	Жеке тұлғалар үшін	4 726,68	5 047,03
66420	Заңды тұлғалар үшін	5 836,68	6 157,03
67420	Жеңілдікпен алушылар үшін	4 186,68	4 507,03

Тел.: 8 (7132) 54-79-80 (редакция), 90-12-19 («Қазпошта» АҚ).

Ойылдық жерлеріміз, бала күннен бірге өскен қатар-құрбыларымыз, сыйлас достарымыз Өділ Жұмағазин мен Үлкен Қожахметованың балаларының үлкені, жеке кәсіпкер **Алмас ӘДІЛҰЛЫНЫҢ** 48 жасында жол апатынан қайтыс болды. Артында жары, үш баласы қалды. Баламыздың ата анасына, отбасына, бауырларына орыны толмас ауыр қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз, артының жақсылығын берсін деп тілейміз.

«Көкжар-2» ұжымы.

Ақтөбе
ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САРСЫ ГАЗЕТ

Меншік иесі: «АҚТӨБЕ МЕДИА» ЖШС

Газет «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған

Директор Раукен ОТЫНШИН

Директордың орынбасары Руслан ДАРБАЕВ

Бас редактор Бауыржан ӨТЕУЛИЕВ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қаңтарда тіркеліп, №16856-Г куәлігі берілген.

Бас редактордың орынбасары Ертай АШЫҚБАЕВ
Жауапты хатшы Сәтжан ДӘРІБАЙ
АҚПАРАТ, САЯСАТ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ БӨЛІМІ:
Бөлім меңгерушісі Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ, 55-11-11
Тілшілер Индира ӨТЕМІС, Ақбота ҚАЛДЫБЕК, Ақерке САТЫБАЛДЫ, Айнуір ЖАЛМАҒАҒАНБЕТОВА
ЭКОНОМИКА БӨЛІМІ:
Бөлім меңгерушісі Баян СӘРСЕМБИНА, 90-71-68
Тілшілер Арайлым НҮРБАЕВА, Айбек ТАСҚАЛИЕВ, Самат НАРЕГЕЕВ
ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БӨЛІМІ:
Бөлім меңгерушісі Нұрмұханбет ДИЯРОВ, 90-71-66

Тілшілер Мейрамғұл САТАЕВА, Камшат ҚОПАЕВА, Данагүл ҚАЗИХАН, Бекет АЙСУЛТАН
Сайт редакторы Аслан СЫДЫҚОВ
Фототілші Хайреден РАУШАНОВ
КОМПЬЮТЕР БӨЛІМІ:
Бөлім жетекшісі Нұрша БИДАНОВА
Беттеушілер Динара САНГУЛОВА, Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА
Терушілер Гүлмара АЙНАЗАРОВА, Әсел НОГУМАНОВА
Корректорлар Қалдығұл МЫРЗАТАЕВА, Данагүл ЖАНӘДІЛОВА
Жазылу және тарату бөлімі 54-79-80
Жарнама бөлімі 56-31-30

Мекенжайымыз: 030012, Ақтөбе қаласы, Баспасөз үйі, Т. Рыскулов көшесі, 190-үй.

Факс: 54-69-00. Қыбылду бөлмесі: 54-69-00.

Сайт: www.aqtobegazeti.kz
E-mail: aktobegazeti@mail.ru
Аптасына 3 рет шығады.

Таралысы 18498 Тапсырыс №542

Нөмірдің кезекші редакторы Айбек Тасқалиев.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мөтініне жарнама беруші жауапты. Басылым сапасы жөнінде баспаханадағы мына телефонға хабарласуға болады: 400-400.

Газет «Хабар - Сервис» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, Ө.Смағұлов көшесі, 9/2) басылды